



АЛМАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№12 (461) // 3 ақпан // сейсенбі // 2026 жыл

ЖИЫН

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтангазиевтің төрағалығымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын талқылауға арналған актив жиыны өтті. Шараға аудан-қала әкімдері, басқармалар мен құқық қорғау органдарының басшылары, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Алма ЕСЕНБАЙ

Облыс әкімі кездесудің негізгі мақсаты Конституция жобасындағы өзгерістерді талқылау екенін атап өтті. Марат Елеусізұлы осы жылдың қаңтар айында еліміздің әр аймағынан әртүрлі сала өкілінен құралған 130 адамнан тұратын Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылып, азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан келіп түскен ұсыныстарды мұқият зерделеп, жаңа Конституцияның жобасын дайындағанын жеткізді. Бүгінгі басқосу жаңа заң жобасын талқылауға арналып отырғанына тоқталды.

Жиында сөз алған облыстық мәслихаттың төрағасы Қуат Байғожаев Конституциялық реформа ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларына негізделгенін айтты. Мәселен, Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауында бір палаталы Парламент құру идеясы саяси жүйені кешенді

жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру мақсатында айтылғанын, бір айдан кейін парламенттік реформаны жүзеге асыру бойынша жұмыс тобы құрылып, оның құрамына белгілі ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіргенін алға тартты. Азаматтар e-Otinish және eGov порталдары арқылы талқылауға белсенді қатысып, екі мыңнан астам ұсыныс жасалғанын, жуырда өткен Ұлттық құрылтай отырысында Президент жұмысты қорытындылап, алдағы өзгерістерді мәлімдегенін жеткізді.

– Комиссия Конституцияның барлық бөлімдерін және 77 бапты (мәтіннің 84%) қамтитын негізгі түзетулерді қарады. Тұжырымдамалық өзгерістер адами құндылықтарды бекітуге, мемлекеттік саясатты нығайтуға және саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған, – деп атап өтті өз сөзінде Қуат Байғожаев.

Ол сондай-ақ жаңа Конституция жобасының негізгі ережелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Адамның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы болып табылатынын, бірлік, ынтымақтастық, этносаралық және конфессияаралық келісім, егемендік пен аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар ретінде бекітілгенін айтты. Әділдік, заңдылық пен тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау қағидаттары

дамудың негізгі бағыттары болып табылатынын жеткізді.

Жаңа Заңдағы негізгі өзгерістердің бірі – 145 депутаттан тұратын бір палаталы Құрылтай мен жоғары консультативтік орган ретінде Халық кеңесін, қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау үшін Вице-Президент институтын құру болды. Бұл ретте жиынға қатысушылар тарапынан да пікірлер ортаға салынды.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі барлық басқарма мен департаменттердің басшыларына, аудандар мен қалалардың әкімдеріне жаңа Конституция жобасын насихаттауда кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруды тапсырды. Халықпен кездесулер, еңбек ұжымдарымен ашық диалогтар, қоғамдық кеңестер мен азаматтық қоғам институттарының алаңдарында пікірталасулар өткізуді жүктеді.

– Жұмыс мазмұнды болуы керек. Тек сенімді және ресми дереккөздерге сүйенген жөн. Бұрмаланған пікірлер мен мәлімдемелерге уақытты жауап берілуі тиіс. Бұл ретте кәсіби сарапшыларды, заңгерлер мен қоғамның беделді өкілдерін тарту қажет. Тек осындай тәсіл азаматтардың саналы таңдау жасауына, жаңа Конституциялық реформаның шынайы құндылығы мен негізгі мәнін түсінуге мүмкіндік ашады, – деді Марат Сұлтангазиев.

ТАҒАЙЫНДАУ

Алматы облысы әкімінің өкімімен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы болып Әнуар Үмбеталиев тағайындалды.

Әнуар Мұхтарханұлы 1985 жылы дүниеге келген. Білімі – жоғары, 2007 жылы Қазақ қатынас жолдары университетін бітірген. Ал 2017-2019 жылдар аралығында «Қайнар» академиясында «Экономика» мамандығы бойынша білім алған. 2017-2022 жылдары «Алматы қаласының музейлер бірлестігі» КМҚК директорының орынбасары, кейін директоры қызметтерін атқарған. 2022-2023 жылдары Алматы облысының музейлер бірлестігін басқарды. Соңғы үш жылда Алматы облыстық «Халық шығармашылығы» орталығын басқарып, өңірдің мәдени әлеуетін дамытуға және шығармашылық бастамаларды қолдауға бағытталған бірқатар жобаны жүзеге асырды.



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

Дүниежүзілік сайлау күніне орай Қонаев қалалық Мәдениет үйінде облыстық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен «Заң үстемдігі – әділ және ашық сайлаудың басты кепілі» тақырыбында жиын өтті. Басқосуға облыстың және Қонаев қаласының аумақтық сайлау комиссияларының құрамы мен Қонаев қаласының қаскелік сайлау комиссияларының мүшелері, қала тұрғындары мен жастар қатысты.

Әділдік пен ашықтық

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Жиынды ашқан Қонаев қалалық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Нұрлан Тілекұлы сайлау жүйесін жетілдіру, азаматтардың сайлау процесіне деген сенімін арттыру, құқықтық сауаттылығын көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының рөлі ерекше екенін атап өтті.

Алғашқы сөз кезегі облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Мейрамгүл Айтоваға берілді.

– Дүниежүзілік сайлау күні оның құрылтайшыларының бастамасына сәйкес адамдардың назарын сайлау құқығын қамтамасыз ету және сайлау процесін жетілдіру мәселелеріне аударуға бағытталған. Бұл күн әлемдік демократияны қолдауға, сайлау туралы білімді кеңейтуге, азаматтардың дауыс беруге қатысуына ықпал етуге және сайлау мәдениетін қалыптастыруға үндейді. Аталған бағыттардың ішінде сайлау мәдениеті ерекше маңызға ие. Сайлау мәдениеті – азаматтардың сайлау процесіне саналы түрде жауапкершілікпен және заң талаптарын сақтай отырып қатысуы. Ол қоғамдағы құқықтық сауаттылықтың, азаматтық белсенділіктің және демократиялық құндылықтардың деңгейін көрсетеді. Сайлау мәдениеті жоғары болған жағдайда азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін жақсы біліп, дауыс беруге немқұрайды қарамай, белсенді қатысады. Сондай-ақ сайлау нәтижесіне деген сенім артып, ашықтық пен әділдік қағидаттары нығаяды. Елімізде сайлау жүйесі Конституцияға және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады, – деген Мейрамгүл Қазыбекқызы соңғы жылдары елімізде сайлау процесін жаңғырту және оны заман талабына сай жетілдіру мақсатында бірқатар жүйелі қадамдар жасалып жатқанын, бұл өзгерістердің азаматтардың құқығын қорғауға және барлық қатысушыға тең мүмкіндік жасауға бағытталғанын тілге тиек етті.

Жиын соңында қатысушылар тарапынан берілген сауалдарға жан-жақты жауап берген Мейрамгүл Айтова Дүниежүзілік сайлау күніне орай сайлау комиссиялары құрамында қызмет атқарып келе жатқан бірқатар азаматты Алғыс хатпен марапаттады.

ҮНҚОСУ

ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Қазақстанда жаңа Конституция жобасы жарияланып, елдің саяси жүйесінде маңызды бетбұрыс жасалды. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған нақты қадам ретінде бағаланады.

Қазақстанда жүргізілген Конституциялық реформалар елдің саяси жүйесіне бірқатар жаңа институционалдық құрылымдар әкелді. Солардың бірі – Құрылтай. Ол – қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты нығайтатын, ұлттық мүдде мен қоғамдық пікірді билікке жеткізетін кеңесші орган. Ол қоғамдық келісім, ұлттық бірлік, идеологиялық бағыттарды талқылайтын алаң ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар Қазақстан Халық кеңесінің, яғни бұрынғы Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси салмағы сақталып, этносаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды институт ретінде қала берді. Бұл құрылым қоғамдық татулықты нығайтудың басты тетігі болып отыр. Ал қоғамда жасі айтылатын Вице-Президент лауазымы жаңа Конституцияда енгізілді.

Жаңа құрылымдар мен реформалар биліктің ашықтығын арттыруға, қоғамның шешім қабылдау процесіне қатысуын күшейтуге және саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған.

Жарияланған жаңа Конституция жобасының Прембуласында адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жарияланды. Бұл идея Конституцияның бүкіл мәнінде көрініс табады.

Конституция жобасы – белгілі заңгерлер, сарапшылар қауымдастығы мен депутаттардың жарты жыл бойы атқарған қажырлы еңбегінің нәтижесі. Ата Заңға енгізілген ұсыныстар барлық бөлімдерді және 77 бапты қамтыды, яғни мәтіннің 84%-ын құрайды.

Конституцияның «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» бөлімінің нормаларын әзірлеу кезінде адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Қазақстан тарапынан ратификацияланған халықаралық пактілер мен басқа да жалпыға бірдей танылған халықаралық құжаттардың талаптары барынша ескерілді. Бұл болашаққа деген сенімді ұштай түседі.

Иманбай ЖҮБАЙ,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ АЛҒА ШЫҒАДЫ

Президент Жарлығымен құрылған Конституциялық реформа жөніндегі комиссия жаңа Ата Заңның жобасын жариялады. Комиссия мүшелерінің пікірінше, елдің негізгі құқықтық тірегі саналатын маңызды құжатты қайта жазуда саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар өзара тығыз бірлесу жөнінде істеген. Сондай-ақ комиссия мүшелері батыл ұсыныстар айтып, қоғам талап еткен қадамдарды барынша саралауға тырысқан.

Негізгі басымдық құқық саласына беріліп отыр. Бұл – өте дұрыс және маңызды ұстаным. Өйткені адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, әлеуметтік құқықтар күшейтіледі деген сөз. Ал қызмет бабы бойынша және еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі деректер туралы мәлімет алған тұлғалар ол ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті екені Ата Заңмен бекітілмек. Оларға дәрігер құпиясы, адвокат құпиясы, мойындау құпиясы, алдын ала тергеу құпиясы, нотариалдық әрекеттер құпиясы сияқты деректер, азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқығын қорғау мәселесі жататынын ескерсек, қоғамда адам құқықтарын қорғау бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейетіні анық. Осылай алаяқтық, қорқытып-үркіту, бопсалау сияқты басқа да қылмыстық әрекеттердің алдын алуға мол мүмкіндік туады.

Бұл – жеке тұлға міндеттерінің өзегін нақтылайды, цифрлық дәуірде дербес деректерді қорғау, тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, әлеуметтік құқықтар күшейтіледі деген сөз. Ал қызмет бабы бойынша және еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі деректер туралы мәлімет алған тұлғалар ол ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті екені Ата Заңмен бекітілмек. Оларға дәрігер құпиясы, адвокат құпиясы, мойындау құпиясы, алдын ала тергеу құпиясы, нотариалдық әрекеттер құпиясы сияқты деректер, азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқығын қорғау мәселесі жататынын ескерсек, қоғамда адам құқықтарын қорғау бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейетіні анық. Осылай алаяқтық, қорқытып-үркіту, бопсалау сияқты басқа да қылмыстық әрекеттердің алдын алуға мол мүмкіндік туады.

Бексұлтан КӨЛБАЕВ,
жазушы-журналист
Талар ауданы

ҮНҚОСУ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЕСКЕРІЛДІ

Бүгінгі кезең – қайталанбас тарихи сәт. Өйткені небәрі қысқа уақытта әзірленген жаңа Конституцияның жобасы жарияланды. Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер туралы бас қосқан Конституциялық комиссия мүшелері кеше ғана жаңа Ата Заң қабылдау жайын тілге тиек етіп, ұсыныс жасаған еді. Міне, енді сол жаңа Конституцияның жобасы ортаға салынды.

Оны дайындау кезінде соңғы алты айда келіп түскен азаматтардың, қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар мен сарапшылардың ұсыныстары, сондай-ақ комиссия мүшелерінің пікірлері, ескертулері мен ұсынымдары ескерілген. Соның нәтижесінде Конституцияға көп өзгеріс енгізіліп, жаңа Ата Заң жобасы ретінде қарауға негіз болды.

Конституциялық сот төрағасының орынбасары Бақыт Нұрмұханов: «Конституцияның Прембуласы толығымен жаңарды. Онда еліміздің өткенін дәріптейтін, бүгін мен болашағына бағдар болатын жалпыұлттық құндылықтар көрініс тапты», – деді. Иә, өткенімізді дәріптеп, бүгінгімізді бағалап, болашағымызға бағдар жасай алсақ, біз алмайтын қамал болмас.

Қасым ханның Қасқа жолын, Есім ханның Ескі жолын, Әз Тәукеңің Жеті жарғысы сынды дала заңдарының заңды жалғасы болған тәуелсіз Қазақстанның бұған дейінгі қабылданған Ата Заңы да ел егемендігінің еңселі болуы жолында қызмет етті. Енді халыққа ұсынылатын жаңа Конституциямыз да тәуелсіздігімізді одан сайын баянды етеді деп сенеміз. Жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданатын отырған жаңа Конституциямызды халық қолдайтынына сенемін. Өйткені Әділетті Қазақстандағы демократиялық қоғамда өмір сүріп жатқандықтан әркім өз ойын, пікірін ашық ортаға салуға құқылы. Бұл – біздің басты жетістігіміз. Енді, жобасы әзірленген жаңа Ата Заң еліміздің ары қарайғы дамуы мен адамдардың құқығы мен еркіндігін сақтауда негізгі тұғыр болмақ.

Майгүл ТҮНҒЫШБАЕВА,
Абай атындағы мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі
Ұйғыр ауданы



● IC ПЕН НӘТИЖЕ

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ САРАЛАНДЫ

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында аймақ басшысы Марат Сұлтангазиевтің төрағалығымен жыл қорытындысы сараланған алқа мәжілісі өтті.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Басқосуда алғашқы сөз кезегін алған облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы ауыл шаруашылығы саласының дамуы, мемлекеттік бағдарламалар туралы сөз қозғады. Айтуынша, былтыр облыста аграрлық саладағы макрокөрсеткіштердің оң динамикасы қалыптасқан. Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсімі 102 пайызды құрап, инвестиция көлемі 3,1 есеге артып, агроөнімдер экспорты 18 пайызға көбейген. Қазіргі кезде көктемгі дала жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Быыл ауыл шаруашылығы дақылдарын 436,3 мың гектарға егу жоспарлануда.

— Үкіметтің агроқешенді дамыту Жол картасына сәйкес күріш алқабын 1,9 мың гектарға төмендету қажет болғанымен, Балқаш ауданы 1,0 мың гектарға ғана азайтып отыр. Аудан, қала әкімдері егіс көлемін жоспарлауға салғырт қарайтынын атап өткім келеді. Мәселен, былтыр 7 аудан мен Алатау қаласы өздері ұсынған жоспарлы егіс көлемін сеппеді, өсімдік шаруашылығы өндірісі 101,5 пайыздың орнына 99,6 пайызға орындалды. Быыл қайтадан 24,2 мың гектарға ұлғайту көзделуде. Оның 10,5 мың гектары Алатау қаласына тиесілі. Осы жоспар министрлікке өткізілді, толық көлемде себілуін қамтамасыз ету қажет, — деді облыс әкімінің орынбасары. Сонымен бірге картоп алқабын Еңбекшіқазақ ауданы — 61 гектарға, Кеген ауданы 26 гектарға азайтуды жоспарлағанын, Жамбыл, Іле, Қарасай, Талғар, Ұйғыр аудандарында егіс көлемі былтырғы деңгейден көтерілмей отырғанын, бұл жергілікті атқарушы органдардың нарық сұранысына бейімделу, ауыспалы егістікті пайдалану сияқты негізгі ұстанымдарды ескермейтіндігінен екенін атап өтті.

Бақытнұр Бақытұлы тұқым шаруашылығында импортқа тәуелділік жоғары болып тұрғанын, биылдан бастап тұқымға сұраныс пен сапаны қадағалау үшін Ұлттық ғылым академиясы цифрлық жүйе енгізгенін, бұған Алматы облысы пилоттық өңір ретінде қатысып жатқанын, аймақтағы шаруашылықтардың осы жүйеге толық тіркелгенін мәлімдеді. Сонымен қатар биыл Үлкен Алматы арнасынан су алатын шаруашылықтар келісімшартқа тек цифрлық форматта билинг жүйесі арқылы ғана отыратын болғанын, жаңа талапқа сәйкес қарызы бар, құжаты дұрыс емес шаруашылықтарға суармалы су берілмейтінін, сондықтан Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле және Жамбыл аудандарының әкімдіктері



Суреттерді түсірген — Аслан ҚАЖЕКЕ

ақпан айының бірінші онкүндігінде бұл жұмыстарды толық аяқтауы тиіс екенін хабардар етті.

Келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев сөз алып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары мен Қонаев қаласының кешенді даму жоспарын жүзеге асыру және инвестициялық жобалар мен индустриалдық аймақтарды инженерлік желілермен қамтамасыз ету мәселелері жайына тоқталды.

Баяндамашының айтуынша, облыс әкімінің инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасы аясында 4 индустриалдық аймақ құрылып, онда инженерлік инфрақұрылымды жүргізу және қажетті қуаттармен қамтамасыз ету жұмысы жүріп жатыр. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы наурыз айының соңына дейін 438 гектар жер телімінде «Қонаев қаласында кәріздік тазарту» жобасының құрылыс-монтаж жұмысы басталады. Қонаев қаласының кешенді даму жоспарына сәйкес бірінші кезекте департаменттер, облыстық сот, ҰҚҚ, әкімдікке қарасты ведомстволық ұйымдар нысандарының құрылысы басталады. 2-тоқсанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қаражаты есебінен бой көтеретін драма театрдың мемлекеттік сараптама қорытындысын алу күтілуде. Сонымен қатар жеке инвестициялар қаражаты есебінен «Қонаев-Арена» стадионының, кітапханасы бар 600 орынды Оқушылар сарайының, зертханасы бар музей құрылысы Үкімет тарапынан қолдау тапқан. Аумақтық мемлекеттік органдарды орналастыру мақсатында 5 әкімшілік ғимараттың маңыздылығын ескере отырып, оларды сатып алу үшін Үкімет резерві есебінен қаржыландыру мүмкіндігін қарауға өтінім берілген.

Әсет Дүйсебекұлы Қонаев қаласын дамыту мақсатында «Жаңа Іле» шағын-ауданының 5 көшесінің жолы, су, кәріз және жылыту желілері, су жинақтауыш торап, кәріз тазалау қондырғысы, газ құбыры жобаларына мемлекеттік-жекешелік серіктес тетігін қолдануға

ұсыныс енгізуге рұқсат беруді сұрады. Екі жоба сараптамадан шыққан болса, қалғандары ақпан айының соңына дейін кіреді екен.

Одан әрі жалғасқан мәжілісте облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев өңірдегі идеологиялық саясатты іске асыру, өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі туралы баяндады. Қазақстан Республикасының ішкі саясатының негізгі қағидаттарына сәйкес қоғамдық кеңес, Азаматтық альянс, ардагерлер ұйымы, ақсақалдар және аналар кеңесі, діни бірлестік көшбасшылары және басқа да азаматтық институттардың әлеуетін қолдана отырып, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтқан Ғани Айдарұлы былтыр 72 үкіметтік емес ұйымның қатысуымен 81 әлеуметтік жоба жүзеге асқанын тілге тиек етті. Облыс әкімінің қолдауымен әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға қажет қаржы көлемі ұлғайып, 1,3 млрд теңгені құрап отырғанын, мұның ішкі саясаттың басым бағыттарын жүйелі түрде жүзеге асыруға қосымша мүмкіндік туғызатынын атап өтті. Сонымен бірге өзара келісімді нығайту және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында және дін саласында жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстар жайын хабардар етті. Оның айтуынша, жүйелі жұмыстың нәтижесінде былтыр 205 адам дәстүрлі Ислам нормаларына оралып, Алматы облысы республика деңгейінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізген. Быыл Қонаев қаласында пилоттық жоба ретінде аудан және қалалардың вокалды-аспаптық ансамбльдері қатысатын «Qonaev Fest», «Шарын фест» сияқты фестивальдер өткізу жоспарлануда.

Облыс әкімінің орынбасары өңір жастары Алматы, Астана қалалары және Түркістан облысынан кейінгі төртінші орында екенін, соңғы екі жыл ішінде аймақ басшысының қолдауымен 4 ауданда жаңа жастар орталығының ғимараты қолданысқа берілгенін, Қонаев қаласы мен Іле ауданында

коворкинг-орталыққа бейімделген нысандар іске қосылғанын, ақпан айында Талғар ауданында жаңа орталық ашылатынын хабардар етті. Сонымен қатар NEET санатындағы жастардың үлесі соңғы екі жылда төмендегенімен, облыстың республика көлемінде көш соңында тұрғанын, сондықтан аудандық және қалалық әкімдіктермен, салалық басқармалармен бірлесіп отырып, 10 мың жасты қамтитын онлайн және офлайн жәрмеңке ұйымдастырып, әр жаспен әдрестік жұмысты күшейту арқылы қазіргі көрсеткішті 50 пайызға төмендету көзделіп отырғанын жеткізді. Сондай-ақ спортты дамыту бағытындағы және білім беру саласының жұмысы жайлы да мағлұмат берді.

Ғани Айдарұлы облыста мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстар арқылы ақпараттық қызмет көрсету жұмысының қалай жүзеге асырылып жатқанына да кеңінен тоқталды. Бұл бағытта жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде облыс тұрғындары арасында қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған оң үрдістер байқалғанын және әлеуметтік наразылық көңіл-күйдің төмендегенін тілге тиек етті. Сонымен қатар ішкі саясат басқармасы тарапынан әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізген мониторинг бабырысында тіркелген теріс сипаттағы материалдарға аудан немесе басқарма өкілдері жауаптарының басым бөлігі бастапқы шағым иесіне, пабликтер мен сайттарға жеткізілмей, қабылданған шаралар немесе түсіндірмелер ақпараттық кеңістікте толық көрініс таппай, кері байланыс тетігі тиісті деңгейде жұмыс істемей отырғанын, мұның алдағы күндері ретке келтіріліп, қатаң бақылауға алынатынын мәлімдеді. Осының салдарынан республика бойынша кері байланыс орнатылмаған теріс сипаттағы барлық материалдардың 90 пайызы Алматы облысына тиесілі болып отырғанын айтты.

— Былтыр мониторинг арқылы облыс бойынша 4 450 теріс сипаттағы жарияланым анықталды. Олардың басым бөлігі Қарасай, Іле, және Талғар аудандарына тиесілі. Эфирлік саясатты жаңғырту және контенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында республикалық деңгейде баламасы жоқ жаңа форматтағы бағдарламаларды қамтитын кешенді медиа-жоспар әзірленді. Аталған медиа-жоспар ақпараттық және қоғамдық маңызы бар контент үлесін ұлғайтуға, аудиторияны кеңейтуге және өңірлік телерадио кеңістіктегі «Qonaev Media» телеарнасының позициясын нығайтуға бағытталған, — деген облыс әкімінің орынбасары «Өлке тынысы» ЖШС мен өңірлік коммуникациялар қызметінің жұмысына да өз бағасын берді.

Одан әрі қаржы басқармасының басшысы Бибігүл Ұзақова мен кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Манасбаеваның баяндамалары тыңдалды.

Жиынды қорытындылаған Марат Елеусізұлы облыстың жалпы әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақты оң динамикасын сақтап қалғанын, былтыр тартылған инвестиция көлемінің орындалуы бойынша республикада 6-орынға шыққанымызды, алайда Балқаш, Еңбекшіқазақ, Кеген және Райымбек аудандарында белсенділік төмендегенін атап өтті. Сонымен қатар пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты алаңдаушылық білдіріп, қайта өңделген өнімнің үлесі бойынша белгіленген жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілмегенін де тілге тиек етті. Сондай-ақ өңірдегі идеологиялық саясатты жүзеге асыру, коммуналдық мүлкті басқару мәселелері бойынша да жауапты мекемелер жүйелі жұмысты күшейтуі қажет екенін қаперге салды.

Аймақ басшысы орын алған оқылықтың орнын толтыру мақсатында бірқатар сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Жерді тиімді пайдалану — уақыт талабы

Аймақ басшысы Марат Сұлтангазиевтің төрағалығымен жер ресурстарын тиімді пайдалану және заңсыздықтардың алдын алу мәселелерін талқылаған кеңес өтті. Жиында облыста пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлері, пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру фактілері, сондай-ақ мемлекеттік тапсырмалардың формалды орындалуы негізгі күн тәртібіне шығарылды.



● Алма ЕСЕНБАЙ —

Жер қатынастары басқармасының басшысы Аманжол Әбдірахмановтың айтуынша, 2022-2025 жылдар аралығында Алматы облысында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы көлемі 1,26 млн гектар пайдаланылмай жатқан жер анықталған. Оның ішінде 517,2 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған, 2025 жылдың өзінде 91,1 мың гектар жер қайта алынған.

Қазіргі таңда 323 мың гектар жер қайтадан ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген. Сонымен қатар 9,4 мың гектар жер бойынша сот өндірісі жүріп жатыр, 2,1 мың гектар жер иесіз мүлік ретінде тіркелген, 272,6 мың гектарға қатысты жер салығын арттыру жөнінде ұйғарымдар берілген. Сондай-ақ сенімсіз жер пайдаланушылармен келісімшарттарды бұзу мақсатында 1 059 жер учаскесіне қатысты құжаттар әзірленіп жатқаны хабарланды.

«Біздің міндет — жерді қайтару ғана емес, оны нақты экономикаға енгізу. Быыл қосымша 40 мың гектар жерді мемлекетке қайтаруды, бес инфрақұрылымдық жобаны іске асыруды және Алматы маңында үш индустриалдық аймақ құруды жоспарлап отырмыз», — деді Аманжол Әбдірахманов.

Мемлекет меншігіне өткен жерлердің 322,9 мың гектары қайта ауыл шаруашылығы айналымына енгізілген. Оның ішінде 165,9 мың гектар жер конкурсы арқылы үлестірілген, 138,5 мың гектар жергілікті тұрғындардың мал жаюына берілген, 18,5 мың гектар инвестициялық жобаларға бағытталған.

Былтыр бірқатар аудан мен Қонаев қаласында сәулет және жер заңнамасын сақтауына талдау жүргізілген. Нәтижесінде жер учаскелерін беру кезінде және олардың мақсатты бағытын бас жоспарға қайшы өзгерту деректері анықталған. Алдын алу шаралары ретінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктері

бекітіліп, мониторинг күшейтілді. Соның нәтижесінде 2025 жылы заңбұзушылықтар саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда азайған.

Кеңесте жер қойнауын пайдалану мәселесіне де ерекше назар аударылды. Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Манасбаеваның мәліметінше, облыста шамамен 296 карьер жұмыс істейді. Өңірдің шикізат қоры облыс пен Алматы қаласының қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

«2024 жылдың қорытындысы бойынша пайдалы қазба өндіру көлемі 13 пайызға артты. Ал 2025 жылы бюджетке түскен түсім 18,2 млрд теңгені құрады», — деді Айгүл Манасбаева.

Алайда заңсыз өндіру мәселесі әлі де өзекті. Былтыр 18 заңсыз өндіру фактісі анықталған, алдын ала есеп бойынша 15,1 млрд теңге шығын келтірілген. Аталған деректер бойынша қылмыстық іс қозғалған. Әсіресе Еңбекшіқазақ ауданындағы бір ауылдық округте бір жер учаскесінде заңсыз қазба өндіру дерегі жыл басынан бері 25 рет қайталанған.

Кеңесті қорытындылаған облыс әкімі Марат Сұлтангазиев берілген тапсырмалардың толық орындалмағанын атап өтті.

«Жер мен жер қойнауын заңсыз пайдалану экономикаға да, экологияға да тікелей зиян келтіреді. Сондықтан барлық тапсырма формалды емес, нақты әрі толық орындалуы тиіс. Заңсыз шешімдер жойылып, жер мемлекет меншігіне қайтарылуы қажет», — деді аймақ басшысы. Сонымен қатар облыс әкімі жерді қайтару бойынша сот жұмыстарын және тексерістерді күшейтуді, аумақтарды функционалдық мақсаттарына қарай нақты бөліп жоспарлауды, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын аяқтауды және Алматы агломерациясында ауыл шаруашылығы жерлерін бөлшектеу тәжірибесін тоқтатуды тапсырды. Сондай-ақ заңсыз қазба өндіру орындарына бақылау бекеттерін орнату және ведомствоаралық өзара іс-қимылды кеңейту жоспарланып отыр.

● АЙБЫН

Қонаев қаласының орталық алаңында ҚР Ұлттық ұланы 3660 әскери бөлімі жас сарбаздарының әскери ант беру рәсімі өтті. Салтанатты шараға Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларынан келген 200-ден астам сарбаз, олардың ата-аналары және әскери сала ардагерлері қатысты.

Абыройлы міндет

● Гүлзат БАЙҚОНЫС —

— Отан алдында берілген антқа адал болу — үлкен абырой әрі зор жауапкершілік. Сіздердің жүректеріңізде елге деген сүйіспеншілік, патриотизм сияқты қасиеттер берік орнаған деп сенемін. Темірдей тәртіп, табандылық сіздерге серік болсын. Міндеттеріңізді мүлтіксіз атқарып, ата-аналарыңыздың үмітін ақтап, еліміздің мақтанышы болыңыздар, — деген ҚР Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Атабек Салихбаев ант берушілердің алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Қатардағы Нұрдәулет Алтаевтың анасы Бану Бектенова: «Сарбаздарға ел сенімін ақтайтын, Отанымыздың ержүрек азаматы болуына, сағынышпен күтіп жүрген отбасыларына аман-есен оралуларын тілеймін. Әскерде алған тәлім-тәрбие, шыныққан жігер алдағы өмірлерінде де пайдасын тигізеді деген ойдамын», — деп жылы лебізін білдірді.

Жас сарбаз Азамат Бисенғалиев елге қызмет ету әрбір ер азаматтың борышы екенін айтып, қатарластарын осы маңызды міндеттен жалтармай, әскери қызметін өтеуге шақырды. Сарбаздар алдағы уақытта құқықбұзушылықтың алдын алып, еліміздің тыныштығын күзетеді.

Қонаев қаласы





● СЕМИНАР

Қай қоғамның да бейбіт те берекелі өмірі әр шаңырақтағы татулық, өзара сыйластық пен түсіністікке тікелей байланысты. Осыған орай, Қоғамдық келісім және әйелдер орталығының Талғар филиалы мен аудандық аналар кеңесі бірлесіп «Қазақстан – зорлық-зомбылықсыз отбасы» атты семинар өткізді. Шараның негізгі мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру, адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген құндылықтарды ілгерілету, азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелерін талқылау.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

М.Бейсебаев атындағы Талғар агроколледжінің мәжіліс залында өткен шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының, құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, заңгерлер, «Адам құқықтары жөніндегі заңгерлер» қоғамдық қорының адвокаттары, аудандық аналар кеңестерінің төрағалары, сондай-ақ оқытушылар мен студенттер қатысты.

Талғар ауданы әкімінің орынбасары, семинардың модераторы Айбек Бидаев отбасылық зорлық-зомбылық тақырыбы құқықтық, әлеуметтік, ұлттық бірліктен бастап, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге дейінгі мәселелердің кең ауқымын қамтитынына ерекше тоқталды.

– Сондықтан біз осы маңызды кездесуге қоғамдағы және отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелерін талқылау және осы бағыттағы жүйелі жұмыс үшін тиімді шешім қабылдау мақсатында жиналды, – деді ол.

Бірінші болып облыстық аналар кеңесінің төрағасы Гүлнар Жойшыбаева сөз алып, өзі басқаратын ұйымының отбасылық зорлық-зомбылықтың мейлінше алдын алу және мүмкіндігінше мұндай келеңсіздіктерді болдырмаудағы рөлін атап өтті.

– Ана – отбасының тірегі, ұрпақ тәрбиесінің өзегі, ұлттың қозғаушы күші. Аналар кеңесінің басты миссиясы – отбасылық құндылықтарды сақтау,

БЕРІК ОТБАСЫ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ



ұлттаралық үйлесімділікке ықпал ету және отбасылық зорлық-зомбылықты болдырмау. Отбасы институтын нығайту, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, қауіпсіз және үйлесімді орта құру – қоғамның барлық өкілінің көзқарасы мен белсенді қатысуын талап ететін маңызды міндет. Әрбір ана – баланың тәрбиешісі ғана емес, қоғамдық сана мен рухани мәдениетті қалыптастыруға тікелей ықпал ететін адам, – деді Гүлнар Сағатқызы.

Алматы облысында отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Отбасылық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы, полиция басқармасы, әлеуметтік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру және денсаулық сақтау саласының өкілдері, сондай-ақ психологтармен тығыз ынтымақтастық түрлі форматтағы кездесулер, семинарлар, тренингтер, ақпараттық түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылған.

Гүлнәр Сағатқызы сондай-ақ аналар кеңесі өз қызметінде ҚР Президентінің әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған нұсқауларына сүйенетінін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отбасындағы зорлық-зомбылықпен күрес оның принципті ұстанымы екенін әрдайым айтып келеді. Нақты мысал ретінде 2024 жылдың 16 маусымында «Салтанат» атты құжатқа қол қойылғанын келтіруге болады. Осы заң қабылданғаннан кейін отбасындағы зорлық-зомбылық оқиғаларының айтарлықтай азайғаны байқалады. Өткен жылдың қаңтар-мамыр айларында полиция қызметкерлері, куәгерлер, әлеуметтік желілерді талдау және басқа да дереккөздер 19 мыңнан астам оқиғаны анықтады. «111» мемлекеттік колл-орталығының QR-кодын бүкіл ел бойынша мектептерде орналастыру зорлық-зомбылық жағдайының алдын алу және анықтау тиімділігін арттырды, балалар арасындағы қорлау және күрделі психозомоналдық жағдайлар, отбасыларға, әйелдерге және балаларға көмек көрсету ауқымы кеңейді. Бүгінде 20-дан астам психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Ал отбасыларды қолдау орталықтары еліміздің 112 ауданы мен қаласында, соның ішінде Алматы облысының 9 ауданы мен 2 қаласында жұмыс істей бастады. Осы орталықтар арқылы 40 мыңға жуық отбасы және азаматтармен әлеуметтік-

психологиялық жұмыстар жүргізілді, – деді баяндамашы.

Сөз соңында ол Алматы облысындағы отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі кешенді шешімдерді талап ететінін айтып, семинар қатысушыларын осы құбылыспен бірге күресуге шақырды.

Мазмұны жағынан Талғар аудандық аналар кеңесінің төрағасы Айтжамал Нұрбатырованың баяндамасы осыған ұқсас болды. Аналар кеңесінің отбасылық зорлық-зомбылықты болдырмаудағы тәжірибесі – Қазақстанда өңірлік және республикалық деңгейде қоғамдық тетік ретінде қалыптасқан нақты тәжірибе екені атап өтілді.

«Адам құқықтары жөніндегі заңгерлер» қоғамдық қоры өкілдерінің баяндамасы әсерлі шықты. Көпбалалы отбасының анасы, қоғам қайраткері, «Адам құқықтары жөніндегі заңгерлер» қоғамдық қорының жетекшісі Ләззат Рақышева – соңғы сегіз жыл бойы өз өмірін отбасындағы зорлық-зомбылықпен күреске арнаған әйел. Осы уақыт ішінде ол зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғап, оларға тегін психологиялық және заңгерлік көмек көрсеткен.

– Қазақ халқында «Отан отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Егер біз елдің қауіпсіз болғанын, ал Отанымыздың гүлденуін қаласақ, ең алдымен отбасын қауіпсіз жерге айналдыруымыз керек. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда отбасылық зорлық-зомбылық мәселесін мемлекет үшін аса маңызды қатер ретінде атап өтті. Мемлекет басшысы отбасы әрбір азамат үшін қауіпсіз орын болуы керекін және қоғамда зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыру қажеттігін нақты айтты, – деп атап өтті құқық қорғаушы. Оның пайымынша, әрбір қылмыс жазасыз қалмауға тиіс. Әділдік жолы бірлікте жатыр. Тек бірігіп ғана біз зорлық-зомбылықтан азат Қазақстанды құра аламыз.

Семинарда сөз алған адвокат Ғалымжан Жолдасбаев жәбірленушілердің ақпараттық сауаттылығы, «Буллинг», «Кибербуллинг» сияқты ұғымдар туралы егжей-тегжейлі айтып, заңдарды пайдалана отырып, олар өзін агрессордан қалай қорғау керекі, әлеуметтік желілерде құқығы бұзылған жағдайда өзін қалай ұстау керекі жөнінде мысалдар келтірді. Ал Қазақ психологтар қоғамының мүшесі Жәнісгүл Хабаева қатысушыларға жарақаттан кейін өзін қалай қалпына келтіру керекін айтып, зорлық-зомбылықтың психологиялық салдарын мысалға келтірді.

Семинар соңында облыстық «Қоғамдық келісім» КММ басшысының орынбасары Диар Ермеков ҚХА жанындағы барлық қоғамдық құрылымдар мен ұйымдар қоғамдық тұрақтылықты нығайту бойынша өз міндеттерін ары қарай да жалғастыратынын атап өтті.

– Егер отбасы берік болса, онда қоғам да, мемлекет те мықты болады. Зорлық-зомбылықсыз отбасы – қуатты Қазақстанның негізі, – деп жиынды қорытындылады Диар Рахметұлы.

Талғар ауданы



● БРИФИНГ

Тұтынушылар құқығы түсіндірілді

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте Қазақстандағы әлеуметтік маңызы бар өнімдер тізіміне енгізілген өзгерістер және онлайн сатып алу кезіндегі тұтынушылардың құқығы жайлы сөз қозғалды. Бұл турасында облыстық сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Жәнісбек Ахметов баяндады.

Спикердің айтуынша, 2025 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрінің № 362 бұйрығына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының саны 19-дан 31-ге көбейген. Тізімге қызанақ, қияр, алма, сиырдың, қой мен жылқының еті, балық, ет фаршы, қаймақ, ірімшік, қара шай енгізілген. Енді аталған өнімдердің бағасы дүкендерде сатып алған өндірушіден немесе ірі көлемдегі тасымалдаушыдан 15 пайыздан аспауы керек. Ескере кететін жайт, кулинарлық және фарштан басқа жартылай фабрика, маринадталған өнімдер әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлары қатарына кірмейді.

Брифингте соңғы жылдары елімізде тауарды онлайн сатып алушылар көбейіп келе жатқаны, соған сәйкес тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына байланысты өтініштер саны да артқаны айтылды. Облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне өткен жылы 2 569 азаматтың өтініші түскен, бұл 2024 жылмен салыстырғанда екі есе көп. Оның басым бөлігі онлайн саудаға байланысты.

– Қашықтықтан сауда жасаған кезде сатушы міндетті түрде ЖСН/БСН, заңды мекенжайы мен байланыс дерегін көрсетіп, тауар және оның сипаттамасы, төлем жасау, жеткізу, қайтару және кепілдік шарттары жайлы ақпарат беруге міндетті. Егер тауар сапасыз болып келсе, тұтынушы өз таңдауы бойынша тауарды ауыстыруды, бағаны азайтуды, ақауды тегін жөндеуді немесе келісімді бұзып, төленген ақшаны қайтаруды талап ете алады. Көп жағдайда сатушылар тауардың зақымдануына жеткізу қызметін кінәлайды. Жеткізушінің әрекеті құжатпен расталып, дәлелденбесе, тұтынушы алдындағы жауапкершілік сатушыға жүктеледі. Заңға сәйкес, тұтынушы сотқа дейінгі талабына 10 күн ішінде жауап алуға құқылы, бұл шарт орындалмаса, уәкілетті органның көмегіне жүгіне алады, – деген Жәнісбек Алпамысұлы онлайн сатып алу кезінде мұқият болуға және қандай да бір заңбұзушылық болса құқық қорғау органына уақытылы хабарлауға шақырды.

Гүлзат АЗАТҚЫЗЫ

Қаржы бақылауда

Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы ұйымдардың қызметіне аудит жүргізіліп, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты жұмсалыуына бақылау қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар онлайн бюджеттік мониторинг және камералдық бақылау жүйелері арқылы заңнаманың сақталуы тұрақты қадағаланып келеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің өкілі Болат Есжанов мәлімдеді.

● Ерзат АСЫЛ —

«Есепті кезеңде 17 аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шарасы жүзеге асырылып, 121 мемлекеттік аудит жүргізілді. Аудиттің негізгі бөлігі жергілікті бюджет қаражатына бағытталып, әлеуметтік маңызы

бар салалардағы қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалыуына басымдық берілді. Бұл өз кезегінде өңірлік басқару жүйесін жетілдіруге және қаржылық тәртіпті нығайтуға мүмкіндік берді», – деді спикер.

Спикердің сөзіне, аудит нәтижесінде бюджет қаражатын пайдалану мен жоспарлау сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар мен түзету шаралары айқындалған. Қалпына келтіруге жататын 64,1 млрд теңгенің 62,7 млрд теңгесі өндіріліп, бюджетке қайтарылған. Бұл – мемлекеттік аудиттің нақты нәтижесі мен оның тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіш. Болат Есжановтың айтуына қарағанда, тексеру комиссиясының жұмысында облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық салалары қамтылған.

«Есепті кезеңде берілген 20 ұсынымның 16-сы толық орындалды, ал қалғандарының орындау мерзімі белгіленген кестеге сәйкес жалғасуда. Сонымен қатар 62 тапсырманың 38-і орындалып, қалған тапсырмалар уақытында іске асырылу сатысында тұр. Бұл мемлекеттік аудит нәтижелерінің нақты жүзеге асырылып жатқанын және жауапты мемлекеттік органдардың өзара тиімді жұмысын көрсетеді», – деді баспасөз мәслихатын түйіндеген Болат Есжанов.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС —

Алғашқы болып сөз алған партияның облыстық филиалының төрағасы Асқар Ниязов форумның маңызына тоқталып өтті. «Ел тағдыры – әрқайсымыздың қолымызда. Біз жауапкершіліктен қашпайтын, заңды құрметтейтін және өз құқығын қорғай алатын қоғам құруды мақсат етеміз. Бүгінде аймақта партияның тоғыз өкілдігі халықпен тығыз жұмыс істеп, тұрақтылықты нығайтуға әрекет етуде. Басты қозғаушы күшіміз – халық. Сондықтан әрбір азаматтың пікірі, саяси көзқарасы маңызды. Біріксек биіктейміз, сенсек жеңеміз, әрекет етсек өзгертеміз», – деді ол.

– Қазір интернет пен жасанды интеллект гасырында өмір сүріп жатырмыз. Қазақстан халық партиясы – заман талабына сай еліміздегі көшбасшы медиа-партия. Бұл форум осы уақытқа дейін Ақмола, Қарағанды, Батыс,

Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында өткізілді. Оның киелі Алматы облысында жалғасуы үлкен мәнге ие. Бұл өлкенің қазақтың батырлық рухы мен азаттық үшін күрестің бесігі екенін зор мақтаншыпен айтамын.

Бүгінде 86 депутатымыз жергілікті мәслихаттарда жұмыс істеуде. Өткен жылы 1292 азаматтың өтініші қаралды. Оның 692-сінің оң шешілуіне көмектесті. Сондай-ақ «Халық үні» жобамыз да жақсы нәтиже беруде, – деген Ермұхамед Қабиденұлы партияның осы уақытқа дейін атқарған жұмысы жайлы баяндап, алдағы жоспарларын айқындап берді. Оның айтуынша, аталған жобаға 790 мыңнан астам адам қатысқан. Түрлі бағыттағы 536 іс-шара, 416 кездесу және 253 дөңгелек үстел өткізілген. 60 мыңнан астам азамат қатысқан сауалнама жүргізіліп, 983 нысанға мониторинг жасалған. Ерекше қамқорлықты қажет ететін,

оның ішінде аутизм дертіне шалдыққан балаларды қолдау мақсатында «Халық кеңесі» атты сараптамалық комиссия құрылған. Сонымен қатар 300-ден астам дүкенде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы терсәріліп, интернет-алақтықтан зердап шеккен 400-ден астам адамға көмек көрсетілген.

Партияның белсенді мүшесі Елмира Әуезова денсаулық саласына қатысты «Медициналық фьюжн» атты жаңа бастама жайлы баяндады. Жоба халық пен медицина қызметкерлері арасындағы түсініспеушілікті шешуге, жұртшылықты ақпараттандыруға бағытталған. Ол жас буынға мамандықты дұрыс таңдауға қатысты кеңес беріліп, оқу орнын бітіргеннен кейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына мүмкіндік берген шаралар жайлы да баяндады.

Форум барысында инклюзиялық жобаларды қолдаудағы партияның маңызы, әйелдер қанаты белсенділерінің қызметі талқыланып, спикерлер мотивациялық бағыттағы кеңестерімен бірікті. Кездесу соңында облыстың дамуына үлес қосқан мамандар марапатталып, Қазақстан халық партиясының жаңа өкілдеріне партиялық билет салтанатты түрде табысталды.



● МҰҚАГАЛИ МАҚАТАЕВ – 95



АҚЫН МҰРАСЫ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Алматыдағы Ұлттық кітапханада қазақ руханиятының Хантәңіріндей асқақ шыңы – Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына және ақын атындағы халықаралық қоғамдық қордың 20 жылдығына орай «Мұқағали шығармаларын зерттеудегі жаңа бағыттар» атты республикалық ғылыми конференция өтті.

● Құралбек СӘБИТОВ

Ұлттық кітапхананың мәжіліс залы Мұқағали поэзиясының бүгінгі тынысын, ертеңгі бағдарын айқындаған рухани алаңға айналды. Мұнда әдебиеттанушы ғалымдар мен зерттеушілер ақын поэзиясының көркемдік болмысы, философиялық тереңдігі, ұлттық әдебиеттегі орны жайлы мазмұнды баяндамалар жасады.

Ғылыми кеңесті бастап, жүргізіп отырған ақын Бақыт Жағыпарұлы алғашқы сөз кезегін Алматы қалалық мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиевке берді. Данияр Абзалиденұлы жиналған қауымды мерейтоймен құттықтап, Мұқағали поэзиясының ұлттық руханияттағы айрықша орнына тоқталып, мұндай тағалымды жиындардың қоғам санасын жаңғыртудағы маңызын атап өтті. Келесі кезекте белгілі каламгер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Сүлеймен Мәмет мінберге көтерілі. Ол өз сөзінде:

– Жылдар өткен сайын Мұқағалиды көргендер азайып, көрмегендер көбейіп келеді. Сол буынға ақын туралы ақиқатты бұрмалаусыз жеткізу – біздің парызымыз. Бұл жиынның мақсаты – «Сен білмейсің, мен білемін» деген ұсақ пікірталастан арылып, жүйелі ғылыми тұжырым жасауға көшу. Түрлі ойлар бір арнаға тоғысып, ертен

алуан пікірдің жетегінде кетпес үшін ортақ ғылыми түйін керек, – деп баяндамасын тарқатты. Сөз соңында мектеп оқушылары арасында Мұқағали атындағы халықаралық олимпиада өткізілсе деген ұсынысын ортаға салды.

Келесі сөз кезегін алған ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет Мұқағали поэзиясының бүгінгі ғылыми танымдағы кеңістігін айшықтады.

– Мұқағали ақын қайта тумайды, бірақ мұқағалитанушылар туып жатыр. Біз үшін ол – үлкен қуаныш. Бұл – ұлы мұхиттың түбінен маржан тергендей еңбек. Әрбір ғалым тереңге бойлаған сайын өз маржанын табады. Бұл – Мұқағали қазынасының молдығын көрсетеді, – деп ақынның 95 жылдығына орай халықаралық поэзия фестивалін өткізуге байланысты жоба өңір басшыларына ұсынылғанын айтты. Сонымен қатар Ресейде және ТҮРКСОЙ аясындағы мемлекеттердің барлығында Мұқағалидың поэзия кештері өтетінін жеткізіп, ақын мұрасының әлемдік рухани кеңістікке жол тартқанын қуанышпен атап өтті.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы Мұқағали поэзиясының халық жадындағы орны мен жүйелі насихатталуын ерекше атап өтті.

– Мұқағалидай кеңінен насихатталған ақын жоқ деуге болады. Бұған – 20 жылдық тарихы бар «Мұқағали» журналы мен биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған Мұқағали Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың еңбегі дәлел. Жұлдыз ағамыз – ақын мұрасының шындығын шырақшысы, ал Бақытгүл жеңгеміздей атасын ардақтаған келін сирек. Бұл – поэзияны, руханиятты шынайы сүюдің нағыз үлгісі. Мұқағали шығармалары қанша тілге аударылса да, іші қазаққа

ең жақын ақын болып қала береді. Оның ұлылығы – қарапайым он бір буынды қара өлеңмен оқырман жүрегін жаулай білуінде. Мағжан, Сәкен, Қасым сынды алыптардай 45 жыл ғана ғұмыр кешсе де, Мұқағали рухының ғұмыры мыңжылдықтарға жалғасатынына сенеміз, – деді ол.

Жиын барысында көпшілікке ақжолтай жаңалық жарияланды. Кеш жүргізушісі Бақыт Жағыпарұлы ақынның 95 жылдығына орай «Атамұра» баспасынан «Хантәңірі» атты жаңа жыр жинағы жарық көргенін жеткізіп, кеш қонақтары жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімін жасады. Мұқағали поэзиясының мәңгілік тынысын бүгінгі оқырманмен қайта табыстырған рухани олжа үлкен тойды жақсы ырыммен бастап, бар қазақты қуантты десек, артық айтпағанымыз. Келесі кезекте мінберге көтерілген Мұқағали Мақатаев

атындағы халықаралық қоғамдық қордың төрағасы Бақытгүл Айдарова 20 жыл ішінде атқарылған жобалар мен нәтижелі жұмыстарды кеңінен баяндады. Ол «Хантәңірі» жинағының «Атамұра» баспасынан шыққан ақынның үшінші кітабы екенін айтып, баспа ұжымына, соның ішінде корпорация президенті Рақымғали Абрарұлының ыждағатты еңбегіне ерекше алғыс білдірді. Қордың басты мұраты Мұқағали мұрасын ұлттық рухани айналымынан шығармай, жас ұрпаққа саф қалпында жеткізу екенін атап өтті.

Жиында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рақымғали Абрарұлы, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Батық Мәжитұлы, «Мұқағали» журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Жусанбаев сөз алып, ақын мұрасына қатысты толғамды ойларын ортаға салды. Өнер қайраткері, танымал дәстүрлі әнші Алма Аманжолова Алтынбек Қоразбаевтың ақынға арналған әнін тамылжыта орындап, Алматыдағы Мұқағали атындағы №140 мектептің оқушылары ақын жырларынан шашу шашып, ұлы поэзияның жас жүрекерге қалай қонып жатқанын көрсетті.

Жиын соңында Жұлдыз Мұқағалиұлы сөз алып, әкесінің рухына тағзым еткен барша жұртқа өз алғысын білдіріп, бұл – құрмет пен сағынышты, тағзым мен тағлымды тоғыстырған сәт екенін тебірене айтты.

– Бүгінгі жиын өткенді еске алудың ғана емес, келешекке бағдар түзген кемел жиын болды. Әкеміздің поэзиясы – уақыттан биік, ұрпақтан озық рухани құбылыс. Ал сол асыл мұраны бүгінгі ғылым тілімен сөйлету, оны жаңа буынның жан әлеміне жақындату осы отырыстың басты жеңісі болды, – деді.

Конференция ақынның «Музаға» атты өлеңінің соңғы шумағымен көркем түйінделді.

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Аймақ өмірінің айнасы

Мен тұрақты оқырман ретінде Алматы облыстық «Алатау арайы» газетін отбасымызбен жылда жаздырып аламын. Жасы 60-тан асқан замандастарым кезінде газет-журналды басымызға жастап оқитын едік. Сол әдет әлі күнге сақталып, облыстық газетпен дос болғанымна талай жылдың жүзі болды.



Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың ұрпағы әрі осы музейдің бұрынғы басшысы ретінде «Алатау арайы» газетінің ұжымына Үмбетәлі туралы, музейдің жұмысына қатысты жиі мақала жариялап тұрғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамын.

Атап өткенімдей, «Алатау арайында» ақын-жазушылар, белгілі тұлғалар туралы мақалалар жүйелі шығады. Сонымен қатар қаншама қылқалам шеберлері кенеп бетіне облысымыздың көркем табиғатын, атакты тұлғалардың бейнелерін салып, көптеген көрме өткізіліп жүр. Алдағы кезде осы дарынды суретшілер жайлы да газетке ауқымды материал жариялап, көпшілікке паш етсеңіздер, нұр үстіне нұр болар еді.

Газет ұжымына шығармашылық табыс, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Әуелбек ЫСҚАҚОВ,

ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы

● ЧЕМПИОНАТ

Бозкілемдегі белдесу

Қарасай ауданында ересектер арасында қазақ күресінің облыстық чемпионат өтті. Аталған жарысқа барлық аудандар мен қалалардан келген 100-ден астам балуан күш сынасты.

«Қазақ күресінен ерлер мен әйелдер арасында бәсекелестік артып келе жатқаны қуантады. Бұл турнир – біз үшін наурыз айында Түркістан қаласында өтетін Қазақстан Республикасының кубогына іріктеу және дайындықтың маңызды кезеңі», – деді қазақ күресінен облыстағы аға жаттықтырушы Жанат Есенбердиев.

Облыс біріншілігінде балуандар 16 салмақ дәрежесінде сынға түсті. Жарыс қорытындысы бойынша әйелдер арасында өз салмақ дәрежесінде чемпион атанғандар – Саяра Максұтова, Ақниет Еркін, Әнел Аппасқызы, Әдемі Мамытгова, Ақнұр Өлімханова, Шұғыла Мақатқызы, Ақдана Ақбастау, Зейнеп Тұрсынбек. Ал ерлер арасында Қуат Нұрсұлтан, Тойжан Әділжан, Азамат Асиев, Рысдәулет Мәулен, Дүйсенбай Әли, Амантай Әлихан, Әлімжан Жұмахметов, Әдібан Өріс топ жарды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің басым бөлігі Қарасай, Талғар және Іле ауданының балуандары болды.

74 келі салмақ дәрежесінде жеңіске жеткен Іле ауданының спортшысы Мәулен Рысдәулет турнир барысында шеберлігін дәлелдеп, айрықша өнер көрсетті.

«Әрбір жарыс – мен үшін үлкен жауапкершілік. Ересектер арасындағы бәсеке барынша жинақылықты талап етеді. Бұл жерде кездейсоқ жеңіс болмайды, әр спортшының мол тәжірибесі бар, кілемді жақсы сезінеді және қарсыластың болмашы қатесін тиімді пайдалана алады», – деді Мәулен финалдық белдесуден кейін.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қарасай ауданы

18.03.2026 жылы, сағат 11.30-да Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылы Тастанбеков көшесі 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Сатай-1» кен орнында құм-кырыш тас қоспасын өндіру қарьері» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Асфальтобетон І» ЖШС, БСН: 060440009474, мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Серіков көшесі, 20 «А» үйі. Тел: 87074536125, ecolog@ab1.kz.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.03.2026 г. в 11:30 часов, по адресу: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с. Каракемер, ул. Тастанбеков 7 будет проводится общественные слушания по объекту «Карьер по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Сатай-1», расположенный в Енбекшиказахском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Асфальтобетон І», БИН: 060440009474, адрес: г. Алматы, Жетісуский район, ул. Серикова, дом 20 «А». Тел: 87074536125, ecolog@ab1.kz.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г. Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.03.2026 жылы, сағат 11.00-де Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылы Тастанбеков көшесі 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Сатай-1» кен орнында құм-кырыш тас қоспасын өндіру қарьеріне ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Асфальтобетон І» ЖШС, БСН: 060440009474, мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Серіков көшесі, 20 «А» үйі. Тел: 87074536125, ecolog@ab1.kz.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.03.2026 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с. Каракемер, ул. Тастанбеков 7 будет проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к карьере по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Сатай-1», расположенного в Енбекшиказахском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Асфальтобетон І», БИН: 060440009474, адрес: г. Алматы, Жетісуский район, ул. Серикова, дом 20 «А». Тел: 87074536125, ecolog@ab1.kz.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г. Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

12.03.2026 жылы, сағат 11.30-де Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылы, есеп кварталы 126, 14 үй мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Ожун» учаскесі «Түрген-4» кен орнында құм-кырыш тас қоспасын өндіру және оңлеу қарьері» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Акрес-А» ЖШС, БСН: 110740009477, мекенжайы: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылы есеп кварталы 126, 4 үй, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

12.03.2026 г. в 11.30 часов, по адресу: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Түрген, учетный квартал 126, дом 14 будет проводится общественные слушания по объекту «Карьер по добыче и переработке песчано-гравийной смеси на месторождении «Түрген-4» участок «Ожун», расположенный в Енбекшиказахском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Акрес-А», БИН: 110740009477, Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Түрген, учетный квартал 126, дом 4, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г. Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

12.03.2026 жылы, сағат 11.00-де Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылы, есеп кварталы 126, 14 үй мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Ожун» учаскесі «Түрген-4» кен орнында құм-кырыш тас қоспасын өндіру және оңлеу қарьеріне ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Акрес-А» ЖШС, БСН: 110740009477, мекенжайы: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылы есеп кварталы 126, 4 үй, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

12.03.2026 г. в 11.00 часов, по адресу: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Түрген, учетный квартал 126, дом 14 будет проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Карьеру по добыче и переработке песчано-гравийной смеси на месторождении «Түрген-4» участок «Ожун», расположенный в Енбекшиказахском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Акрес-А», БИН: 110740009477, Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Түрген, учетный квартал 126, дом 4, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г. Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

<p>Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ</p> <p>Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ</p> <p>Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ</p> <p>Бас редактор: Қуаныш ТҰНҒАТАР</p>	<p>МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:</p> <p>Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55</p> <p>Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32</p> <p>Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12</p> <p>Еңбекшіқазақ ауданы – Қуралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11</p> <p>Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98</p> <p>Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83</p> <p>Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22</p> <p>Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25</p>	<p>Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді</p> <p>«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек</p> <p>Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады</p> <p>Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады</p> <p>Суреттердің санасы үшін редакция жауап береді.</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22VP000086933 күәлігі берілген.</p> <p>Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы</p> <p>Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.</p> <p>Тапсырыс – 120</p> <p>«Өлке тынысы» ЖШС басылмаларының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.</p> <p>Кезекші редактор: Гүлзат БАЙҚОНЫС</p>
	<p>ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71 alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41</p> <p><i>Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.</i></p>		